




# Қазақ философияс ы

*Марал Н.М  
ВиД(дирижер)2курс*

*Алматы, 2016ж*





**Қазақ философиясында** басқа халықтар тәрізді Әлем мен Адам екі дүниенің сырын ашуға ұмтылған. Аспан денелерінің қозғалысына тандана қарап, өзінше ой түйген. Көк аспанның сырын ашуға талпынған. Жұлдызды әлемнің жұмбақтарын ашуды арман еткен. Нәтижесінде дүние туралы түсінігі, көзқарасы қалыптасқан. Адам бойындағы небір тылсым күштерді де тануға ұмтылған



**Орта ғасырларда қазіргі Қазақстан аумағында көп ғалымдар жұмыс істеді. Мысалы: Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Йасауи, М. Хайдар Дулати, К.Жалаири және басқалар. ХІХ ғасырда Қазақстанның ғылымында П.П. Семенов-Тян-Шанский, Н. П. Рычков, П. М. Мелиоранский, В. В. Радлов, В. В. Бартольд, А. А. Диваев, Ч. Уәлиханов үлес енгізді.**

**Қазір Қазақстанда көп ЖОО-лар бар, көп ақылды, білімді, перспективалық жастар бар; және біздің Отанымыздың ғылыми шамасы болашақта тек қана даму болады...**



Қазақ Философиясы – қоғамдық сананың ұлттық түрі; тұрмыс пен танымның ортақ принциптері, адам мен дүние жүзінің қатынасы туралы ілім, табиғаттың, қоғамның және дүниетанымның жалпы даму заңдары жайындағы ғылым. Қазақ халқының даналық өрісінде дүние мен адам туралы дүниетанымдық көзқарастардың тарихи қалыптасқан даму жүйесін қамтиды. Қазақ тіліндегі даналық түсінігі мәні жағынан философияға жақын. Қазақтың даналық ой-пікірлерінің тарихы екі кезеңнен тұрады.



Бірінші кезеңде Анахарсис, Қорқыт, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Йасауи, Әбу Наср әл-Фараби, Махмұт Қашқари, т.б.

данышпандар даналық дәстүрлерін жасады, олар табиғи түрде қазақ этносының дүниетанымдық ойлау мәдениетінің бастау арналарына айналған.

Екінші кезеңде қазақ халқының төл дүниетанымы мен философиясы қалыптасып, дамыды. Қазақ философиясының төл тарихы Асан Қайғы мен Мұхаммед Хайдар Дулаттан басталады.



# Әбу Насыр Әл-Фараби




Әбу Насыр Әл-Фараби (Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби) (870, Отырар қаласы — 950, Сирия (Шам)) — қазақ даласынан шыққан ұлы ғалым, ойшыл философ, математик, астролог, музыка теоретигі. Әскербасының отбасында дүниеге келген.





**Данышпан Әбу  
Насыр әл-Фараби  
Түркістан  
тарапындағы  
Отырар  
шаһарында 870  
жыл шамасында  
туған. 950 жылы  
Шам (Дамаск)  
шаһарында ұлы  
ұстаз дүние салды.  
Бұл мәлімет ерте  
заманғы арабша  
жазылған шежіре  
кітаптарында  
берілген.**







**ОТЫРАР СОЛ КЕЗДЕГІ ҮЛКЕН ШАҒАРЛАРДЫҢ БІРІ  
БОЛДЫ. БҰЛ ЖЕРДЕ КӨПТЕГЕН ТӨБЕЛЕР ЖАТЫР.  
СОЛ ТӨБЕЛЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ ДА БІР КЕЗДЕГІ ОТЫРАР  
ҚАЛАСЫНЫҢ ОРНЫ.**



Әбунасыр Әл-Фараби — түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, “Әлемнің 2-ұстазы” атанған ғұлама. Оның заманы “Жібек жолы” бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Әбунасыр Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, Араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырды.






**Әл-Фараби** араб, парсы, түркі, латын, грек тілдерін жақсы білген. Әл Фарабидің ойынша, айналандағы адамдар бақытсыз болса, жеке бақыт баянсыз: «...бір адам басқаның өмір сүруіне қажет нәрсенің бір бөлігін беру арқылы адамдардың бір-біріне көмектесуіне негізделген көптеген бірігудің нәтижесінде ғана адам табиғатынан маңдайына жазылған кемелденуге жетеді». Әл Фараби қайырымды қалаға қарсы қалаларды да сипаттайды: надан, азғын, адасқан, қажеттілік және тағы басқа қалалардың ортақ мақсаты жоқ, көздегендері бақытқа жету емес, өткінші байлық пен алдамшы рахатқа бөлену.



**ӘЛ-ФАРАБИ ЕСІМІ ДҮНИЕ ЖҮЗІ МӘДЕНИЕТІ  
МЕН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫНАН БЕРІК ОРЫН  
АЛАДЫ. ОНЫ ШЫҒЫСТЫҢ АРИСТОТЕЛІ ДЕП  
АТАҒАН.**



# Жүсіп Баласағұни



Жүсіп Баласағұни (Жүсіп Хас Хажиб Баласағұни) 1020 жылы Балсағұн қаласы Қырғызстандағы қазіргі Тоқмоқ қаласында туып, Қашқар қаласында қайтыс болған.

Жүсіп Баласағұни - ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері.

Өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. Файласуфи (философия), риезиет (математика), тиббий (медицина), фэлэкиат (астрономия), нужум (астрология), өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнидің есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында "Құтадғу білік" ("Құтты білік") дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұни бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды "хандардың ханы" - Қарахандар әулеті мемлекетінің (942 - 1210) негізін салушы Сатүк Қара Богра ханға (908 - 955) тарту етеді.

# Қожа Ахмет Йассауи

Қазақстан мен Орта Азиядағы сопылық поэзиясының көрнекті өкілі, дуалы ауыз данышпан, кемеңгер ақын ағартушы Ахмет Йасауи 1093 жылы немесе 1094 жылы көне Исфидзат (Сайрам) қаласында дүниеге келген. Оның ата-анасы Ибраһим Ата мен Қарашаш Ана осында тұрып, осы жерде қайтыс болған. Йасауи 1166 Түркістан (Йасы) қаласында қайтыс болды.

# Қожа Ахмет Йассауи




# Ұлы Абай философиясы

Абайдың кептеген өлеңдері мен прозалық шығармаларында «... адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына төтелей қатынасы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір келемді, әрі сапалы ойшылдық пікірлері бар екені даусыз»

Ақын шығармалары 19 ғ-да Қазақстанда демокр. қоғамдық ойдың қалыптасып, дамуына негіз болған басты-басты идеялық үш қайнардан нәр алды:

- 1) Қазақтың ауыз әдебиеті мен еткен замандардағы жазба ескерткіштерінен сусындаған алдыңғы қатарлы халықтық дәстүр;
- 2) Ежелгі және орта ғасырдағы Шығыс ойшылдарының таңдаулы шығармалары;
- 3) Орыстың материалистік философиясы мен демокр. мәдениеті, сол арқылы дүн.жүз. (ең алдымен Батыс Еуропаның) филос. ойдың жетістіктері.





Шоқан Уәлиханов

**Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835—1865)** — қазақтың ұлы ғалымы: ориенталист, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы. Қостанай облысы Сарыкөл ауданындвғы Күнтімес қыстауында дүниеге келген. Шын аты — **Мұхаммед Қанафия**.

Әжесі бала күнінде «**Шоқаным**» деп еркелетіп айтуымен, «Шоқан» аталып кеткен.

Шоқан жас күнінен тарихи өлең, жыр, аңыз-әңгімелерді қызыға тыңдап, құлақ түріп өскен. Ол Омбыдағы кадет корпусында оқиды. Онда Шоқан өте жақсы оқып, терең білім алады. Кейін Шоқан Петербургтегі университетте лекция тыңдап; француз, неміс тілдерін меңгерді.

1857 жылы Батыс Қытайға-Қашқарияға баратын Ресей үкіметі үлкен экспедицияны басқару Шоқан Уәлихановқа тапсырылады. Кейін ол зор еңбегін “Алты шаһардан жайы” жазды.

Шоқан Уәлиханов 1865 жылы 30-жасында Қапал қаласы, Алтынемел асуында, Тезек ауылында қайтыс болған.





Назарларыңызга рахмет!

